

Амангелді орта мектебінің бастауыш сынып бірлестігінің 2022 - 2023 оқу жылы бойынша талдау қорытынды

Есебі

2022 – 2023 оқу жылында Бастауыш сынып бірлестігінде барлығы 8 мұғалім жұмыс атқарады. Жоғары білімді - 4 , арнаулы орта білімді - 4 . Оның ішінде педагог-сарапшы – 4 , педагог-модератор - 2 , санатсыз – 2 мұғалім.

2022 -2023 оқу жылындағы тақырып «Оқытуда жаңа технологияларды қолдана отырып, оқу белсенділіктерін арттыру»

Мақсаты: Оқытудың жаңа технологиялары, әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, жаңа тұлғаға бағытталған білім беру.

Міндеттері:

- Білім мазмұны мен оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңарту арқылы білім сапасын арттыру;
- Оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
- Ұжымды ғылыми ізденіске бағыттау, педагогикалық ынтымақтастықты нығайту;
- Білім стандартына сай оқыту мен тәрбие үрдістерін қалыптастыру;
- Өзара сабаққа қатысып, тәжірибе алмасу ;

ҚР-ның Әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген оқулықпен барлық оқушылар түгел қамтылды. Бастауыш кластардың барлығы «Атамұра» баспасынан шығарылған оқулықтармен білім алуда. Оқушылардың барлығы дерлік мектепке тартылды, оқымай қалған оқушы жоқ.

Бұл оқу жылының ерекшелігі мектеп әкімшілігінің қолдауымен бастауыш пән мұғалімдері әр пәннен сабақ беретін болып келісілді. Жаратылыстану бағыты бойынша математика, жаратылыстану, дүниетану пәндерінен 1-ші және 3-ші сынып оқушыларына осы пәндерден Бірімғалиев Әділбек және Тлеуғалиева Сағира бекітілді. Гуманитарлық пәндер бойынша Әдебиеттік оқу пәнінен Салық Анархан , Қазақ тілі пәнінен Мусирова Лиза бекітілді.

Оқушылар мектеп формасына сай киінеді . 2022 – 2023 оқу жылында бастауыш сынып бойынша 77 оқушы оның 32- і қыз бала.

Бағаланбай отырған оқушы жоқ. Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасы әр тоқсан сайын өсіп отырды. Жылдық, тоқсандық сапа көрсеткішінің нәтижесі төмендегідей :

№	Класы	Оқушы саны	Сапа көрсеткіші	Класс жетекші
1	1 кл	26	-	Бірімғалиев Әділбек
2	2 кл	21	54 %	Тлеуғалиева Сағира
3	3 кл	18	55 %	Мусирова Лиза
4	4 кл	13	66 %	Салық Анархан

Жоспарға сай әр тоқсан сайын бастауыш сынып оқушыларының негізгі пәндер бойынша тестілік жұмыстар мен диктант, бақылаулар алынып отырады. Тестілік жұмыстар тексеріліп, пайызы шығарылып, мониторингіленіп, жинақталады.

Оқу жылы басында бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары құрылып , сол бойынша бекітілген апталықтар өтілді.

I жартыжылдықта екі апталық өтті. **3 қазан – 7 қазан** аралығында «Математика ғылымдар патшасы»тақырыбында математика апталығы өтілді.

Жауапты мұғалімдер : Глеуғалиева С. Бірімғалиев Ә.

2 – сыныпта «Қосындының мәнін және қосылғыштарды табуға берілген есептер» ,3 – сыныпта «Аудан. Ауданның өлшем бірліктері» тақырыбында ашық сабақтар өтті. «Математикалық калейдоскоп» тақырыбында сыныптан тыс шара , «Математикалық эстафета» тақырыбында 3 – 4 сыныпта сыныптан тыс шаралар болды.Өткізілген жұмыстар бірлестік отырысында талданып , хаттамасы жазылды.

14 – 18 қараша аралығында математика үйірмесінің жетекшісі Жұбатқанова Г. «Көңілді математик»тақырыбында апталық өткізді. Қызықты викториналық сұрақтарға жауап беру . қазақтың қулық есептері тақырыбында шаралар өтілді.2 – 3 сынып оқушыларымен «Бәйге»интеллектуалдық сайысы 2- 3 – 4 сынып оқушыларымен «Мен жас математик»сайыстары өткізілді. Балалар белсенділікпен қатысты. Апталық қорытындыланып, оқушылар марапатталды.

5 желтоқсан – 9 желтоқсан аралығында «Оқы , оқы , ойыңа тоқы! »тақырыбында Қазақ тілі пәні апталығы өтілді . Жауапты мұғалім : Мусирова Л. Апталықта сөзжұмбақ , ребус, жұмбақтар шешу , «Алтын қалам» ең үздік жазу дәптерлер көрмесінде 2 сыныптан Жұмақызы Жанель , Табыс Жандәулет , 3 сыныпта Мұнаева Алияның дәптерлері алынды. «Кім тапқыр ?» тақырыбында 1 сынып оқушыларымен жас ерекшеліктеріне байланысты сайыс өтілді. «Бестік диктант және көркем жазу» 1 – 2 сыныптарда болды. 4 сыныпта «Біріккен сөздер»тақырыбында ашық сабақ өткіздім.Апталық қорытындыланды.

16 қаңтар – 20 қаңтар арлығында «Ертеңгі болашақ – бүгінгі білімді ұрпақ»тақырыбында Әдебиеттік оқу апталығы өтті. Жауапты мұғалім : Салық А. 1 сыныпта «Қыс мезгілі.Дауысты және дауыссыз дыбыстар »тақырыбында ашық сабақ , 2 сыныпта «Тазалықты сүйемін» тақырыбында ашық сабақтар болды.

Поэзия әлемі бойынша мәнерлеп жатқа айтудан 3 сыныптан Мұнаева Әлия I орын , 4 сыныптан Қамысбаева Самал II орын , 2 сыныптан Жұмақызы Жанель II орын алып мақтау қағаздарымен марапатталды. Оқушылар жауапкершілікпен қатысты.

3 -4 сыныпта «Сөзмерген »сайысы өткізілді. 4 сынып оқушылары I орынмен , 3 сынып оқушылары II орынмен марапатталды. 2 – 3 – 4 сыныптардың оқу шапшаңдықтары тексеріліп , қорытындыланды.Апталықтың соңында оқушылар марапатталды.

23 қаңтар – 27 қаңтар арлығында мектепалды даярлық тобында Көркем әдебиет оқу қызметінің апталығы өтілді. Апталықтың тақырыбы: «Ойнай отырып , ойлаймыз» Мақсаты :балалардың белсенділік қабілетін сөздік қорын дамыту. 24 қаңтар күні «Жақсы мен жаман»тақырыбында ашық сабақ болды.Ашық сабаққа ата-аналар қатысты.Балалар өз ойларын айтып,белсене қатысты. «Ажырата біл»ойынын балалар қызыға орындады.27 қаңтар күні «Орман емшілері» тақырыбында сыныптан тыс шара өтілді.Сайыс 7 кезеңнен тұрды. Ата –аналар 4 топқа бөлінді.Сағынған ,Әлихан, Әмір,Сағынған ата –анасымен қатысты. Жеңімпаздар марапатталып , сыйлықтар берілді.

Бұл апталықта шағын дамыту орталығында да ашық сабақтар , сыныптан тыс шаралар өтті.

26 қаңтар күні «Отбасы»тақырыбында тәрбиеші Амирова А. ашық сабақ өткізді.Балалар белсенді қатысты.

27 қаңтар күні «Мен және менің отбасым»сайысы өтті. Бұл сайысқа балалар аналарымен қатысты.

Өткізген тәрбиеші Қайырғали Г.Сайыста сұрақтар , жұмбақтар , мақалды жалғастыру болды.

3 – 7 сәуір аралығында жаратылыстану , дүниетану пәндерінен «Жаратылыс сырлары» тақырыбымен апталық өткізілді.Апталық барысында арнайы видео шақыру билеті жасалып , бірлестік мүшелеріне хабарланды. 3 сәуір күні ашылуы өтті , оқушыларға таныстырылды.Мектеп дәлізі талапқа сай безендірілді. «Құстар біздің досымыз»тақырыбында 1 – 2 сыныптарға сурет салу байқауы ұйымдастырылды.

4 сәуір күні «Тәжірибе таным көзі» тақырыбымен тәжірибе жасау алаңы өтті.4 сынып оқушылары шарды үрлеу , субұрқақ ,лимонад жасау, пластик ішінде тыныс алу тәжірибелерін және күн жүйесі макетін, қалдық заттарды пайдаға асыру мақсатында мектебіміздің макетін жасап әкеліп өздерінің қызықты жұмыстарымен бөлісті.

5 сәуір күні «Құстарға қамқорлық жасаймыз» яғни өз қолдарымен ұя жасаудан сайыс өтті. Жасаған ұяларын көрмеге қойды. Бағалаушылар мектебіміздің жоғары сынып оқушылары. Соның нәтижесінде ұяны сапалы, талапқа сай жасаған оқушылар 1,2,3 дәрежелі диплом, сыйлықтармен марапатталды.

5 сәуір күні 4 сыныпта «Жазықтар мен таулар» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалімі: Тлеуғалиева С.

Сабаққа бастауыш сынып мұғалімдері және география пәні мұғалімі Мединаева Л. қатысты.

6 сәуір күні 3 сыныпта «Жарық көздерінің шағылысуы» тақырыбында ашық сабақты Бірімғалиев Ә. өткізді. Сабақта көптеген тәжірибелер жасалды.

Мұғалім оқушыларға тақырыпты күнделікті өмірмен байланыстыра шебер жеткізе білді.

6 сәуір күні «Ата – анаммен бір жоба» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында ғылыми жобалар сайысы өтті. Сайысқа 2 сынып оқушысы Желен Сабыржан, анасы Таңатарова Жанылсын,

3 сынып оқушысы Мұхамбетова Саулет анасы Құбаева Ақгүл, 4 сынып оқушысы Қамысбаева Самал, анасы Жаңабергенова Ақтілек қатысты. Оқушылар мен ата – аналар «Тоқыма өнері», «Сүт тағамдары», «Пластик шөлмектердің пайдасы мен зияны» тақырыптарында өз жобаларымен таныстырды.

10 сәуір күні «Жаратылыстану әлеміне саяхат» атты сыныптан тыс шара 3 – 4 сынып оқушылары арасында өтті. Өткізген бастауыш сынып мұғалімі Бірімғалиев Ә. Оқушыларымыздың әлі де қарапайым сұрақтар, жауап бере алмағандары байқалды.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысып жүлделі орын алып жатқандығын да айтуға болады. «Ақбота», «Кенгуру» интеллектуалдық сайыстарынан оқушыларымыз орын алды.

2022 – 2023 оқу жылы Бастауыш сынып мұғалімдері туралы мәлімет

Р/с	Аты - жөні	Туған жылы / айы / күні	Диплом бойынша мамандығы	Осы мамандық бойынша еңбек өтілі	Санаты	2022 – 2023 оқу жылындағы жүктемесі	Курстан өтуі (соңғы барғаны) мерзімі/ атауы
1	Дүйсеғалиева Самал Кабаевна	22.03.1974	Бастауыш сынып мұғалімі	30	Педагог - сарапшы	2	15.03.-26.03.2021
2	Хитрук Елена Курманғалиевна	07.05.1972	Бастауыш сынып мұғалімі	30	Педагог - сарапшы	4	29.01.2021 ж
3	Мусирова Лиза Анетовна	27.09.1966	Бастауыш сынып мұғалімі	36,6	Педагог - сарапшы	16	15.03.-26.03.2021 10.10.-21.10.2022
4	Салық Анархан Аққалиқызы	04.01.1964	Бастауыш сынып мұғалімі	38,9	Педагог - сарапшы	16	06.09. 2021 ж
5	Тлеуғалиева Сағира Әлімқызы	15.12.1992	Бастауыш сынып мұғалімі	7,5	Педагог - модератор	15	9.11.-20.11.2021
6	Бірімғалиев Әділбек Маратұлы	25.12.1995	Бастауыш сынып мұғалімі	5,11	Педагог - модератор	15	-
7	Сағынова Маржангул Ерболқызы	12.04.1995	Бастауыш сынып мұғалімі	5,11	-	6	-
8	Қамиева Айдана	26.10.1998	Бастауыш сынып мұғалімі	2,2	-	0,5 үйірме	02.11.-13.11.2020

2022 – 2023 оқу жылындағы мұғалімдердің жетістігі

№	Пед.аты -жөні	Аудандық	облыстық	республикалық	халықаралық
1	Дуйсегалиева Самал Кабасна	1.«Инклюзивті және арнайы блім беру: тәжірибесі мен болашақ» тақырыбы. Аудандық білім бөлімінің Алғыс хаты,2022 ж 2.«Ұлағатты ұстаздың дара жолы» тақырыбындағы семинарда іс – тәжірибесін таратқаны үшін Аудандық білім бөлімінің Алғыс хаты,2022 ж	1.Бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы облыстық пәндік олимпиада I-орын.2022ж 2.Математика пәнінен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған облыстық олимпиада I дәрежелі диплом 09.02.2022ж		
2	Хитрук Елена Курманғалиевна		1.Облыстық педолимпиада орыс тілінен I дәрежелі диплом – 12.10.2022 ж. 2.Облыстық педолимпиада бастауыш сынып мұғалімдері арасында I дәрежелі диплом – 03.11.2022 ж. 3. Математика пәнінен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған облыстық олимпиада 09.02.2022ж		
3	Салық Анархан Аққалиқызы		1.Бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы облыстық пәндік олимпиада 2-орын.2022ж.		
4	Мусирова Лиза Анетовна		1.Бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы облыстық пәндік олимпиада 2-орын.2022ж.	Қыркүйек айындағы Республикалық "Мақатаев оқулары" конкурсына жеңімпаз тәрбиелеп, белсенділік танытқаны үшін марапатталады. «Алғыс хат» Республикалық 2022ж.	
5	Тлеуғалиева Сағира Әлімқызы		1.Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық педагогикалық олимпиадада I дәрежелі диплом -12.10.2022 ж.		
6	Бірімғалиев Әділбек Маратұлы		1.Бастауыш сынып мұғалімдері арасындағы облыстық пәндік олимпиада 1-орын.2022 ж.		
7	Қамиева А.		1.Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада I орын мен марапатталды Ақтөбе - 2022 ж		

	Сағынова М.		1.Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада I орын мен марапатталды Ақтөбе - 17.03..2022ж Математика пәнінен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған облыстық олимпиада. 09.02.2022 ж		

Салық Анархан Аққалиқызы стажы - 38 жыл . Мектебімізде көп жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан тәжірибелі ұстаз.Облыстық, аудандық грамоталары бар облыстық-1, аудандық-1 . Оқушыларында аудандық , облыстық жарыстардан жетістік жок. Республикалық жетістік 1.

Мусирова Лиза Анетовна стажы – 36 жыл. Мектебімізде көп жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан тәжірибелі ұстаз. Облыстық, аудандық жетістіктері бар.Оқушыларында республикалық-3, аудандық -1 жетістік бар. оқушыларында облыстық грамотасы жоқ мұғалім алдағы уақытта оқушыларын облыстық жетістіктер алуға дайындауы тиіс.

Глеуғалиева Сағира Әлімқызы педогог – модератор , стажы – 7 жыл. Мұғалім өте ізденімпаз , сауатты , жаңашыл .облыстық марапаттары – 4. республикалық-5, халықаралы- Оқушыларда облыстық-1, республикалық-3, аудандық 1.

Бірімғалиев Әділбек стажы – 5 жыл. облыстық-,1 аудандық- 1 жетістігі бар.Оқушыларында республикалық - 2, аудандық - 1 жетістігі бар.

Мұғалім облыстық , республикалық жарыстарға алдағы уақытта оқушыларын көбірек қатыстыруы қажет .

Сағынова Маржангүл стажы – 5 жыл. Облыстық – 3.Оқушыларында республикалық -2, аудандық -1.

Қамиева Айдана стажы – 2 жыл . Облыстық -3 . Оқушыларында республикалық – 2. Оқушыларын алдағы уақытта олимпиадаларға көбірек дайындап , қатыстырса.

ҰСЫНЫС : Жалпы барлық мұғалімдерге де аудандық , облыстық , республикалық олимпиадаларға , ғылыми жобаларға өздері де , оқушыларын да қатыстыру қажет .

Қорытынды :

Жоспарланған жұмыстар жүргізілді . Кемшілігіміз де , жетістігіміз де бар . Биылғы болған қиындықтар мен кемшіліктерді түзету үшін , алдағы оқу жылында алдымызға мынадай міндеттер қоямыз :

- оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға баса көңіл аудару ;
- мәтінмен жұмыс түрлерін жүргізуде сауатты оқылымға назар аудару ;
- үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру ;
- оқушылармен зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алу ;
- пән бойынша өзара сабақтарға қатысу ;
- оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру;
- пән бойынша қосымша сабақтарды жүйелі жүргізуді қолға алу ;

Бірлестік жетекшісі : Мусирова Л.А. *Мусирова*